

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Өзбекстан Республикасынан Ресей Федерациясына ядролық отынның (ИРТ-3М үлгісіндегі жылу бөлетін құрандылар) транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 30 қазан N 1633

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екіұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143 _ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес мөлшерде Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Өзбекстан Республикасынан Ресей Федерациясына "Новосибирск химконцентраттар зауыты" ашық акционерлік қоғамына (Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы) 1996 жылғы 22 шілдедегі N 5922 келісім-шартқа N 4-толықтыруға сәйкес Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Ядролық физика институты (Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы) беретін ядролық отынның (ИРТ-3М үлгісіндегі жылу бөлетін құрандылар) транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қолданылып жүрген Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының кеңесі (ИКАО) бекіткен Дос 9284-AN/905 "Қауіпті жүктерді әуе арқылы қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулықтарға" және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес ерекше қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, Ташкент-Қарағанды-Новосибирск бағыты бойынша "Волга-Днепр" авиакомпаниясы әуе кемесімен жүзеге асыратын жүктің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалдануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен ядролық отынның (ИРТ-3М үлгісіндегі жылу бөлетін құрандылар) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 30 қазандағы
N 1633 қаулысына
қосымша

1996 жылғы 22 шілдедегі N 5922 келісім-шартқа
толықтыруға сәйкес "Новосибирск химконцентраттар зауыты"
ашық акционерлік қоғамына (Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы)
Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Ядролық физика институты
(Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы) беретін
тауарлардың мөлшері

р/с	СЭҚ ТН	Тауардың	Өлшем	Саны	Бағасы	Жалпы
N	коды	атауы	бірлігі	АҚШ дол.	құны	АҚШ
			ларымен	долларымен		

1	840130000	ядролық	дана	24	12750	301680.00
		отын				
		(ИРТ-3М				
		үлгісін.				
		дегі жылу				
		бөлетін				
		құрандылар)				

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.

